



world skills  
Astana


# ПРОТОТИПТЕУ

Конкурс ережесі

Астана қ, 2024ж

«КЕЛІСІЛДІ»

Бас сарапшы

 Асатова Ә.Ш.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Астана қаласы

Білім басқармасының басшысы  
 Сенгазыев К. С.  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2024 ж.

«Прототиптеу» құзыреті бойынша Астана қаласының 16 - 22 жас аралығындағы техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің студенттеріне арналған «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын өткізу туралы  
**ЕРЕЖЕ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын Астана қаласының білім басқармасы өткізеді
- 1.2. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының ұйымдастырушысы «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі болып табылады.
- 1.3. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты сапаны бағалай отырып, нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін жарыс болып табылады.
- 1.4. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласының колледж студенттері арасында өткізіледі.

## 2. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласының студенттері арасында өткізіледі.
- 2.2. Болашақ маманның құзыретін дамыту, тәжірибелік дағдыларды арттыруға және бағдарламалау саласында қызметкерлердің жоғары шеберлік деңгейін танымал етуге жәрдемдесу.
- 2.3. Кадрларды даярлау, олардың біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға жұмыс берушілердің қызығушылығын тарту.
- 2.4. Республикалық конкурсқа қатысу үшін үміткерлерді айқындау.
- 2.5. Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту.
- 2.6. Бағдарламалау саласындағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігін, олардың жұмыс сапасын арттыру, қызмет көрсету саласындағы жұмыс дағдылары мен тәсілдерін жетілдіру.
- 2.7. Бағдарламалау саласында біліктілігі жоғары кадрларды даярлаудың жаңа заманауи бағыттарын анықтауға жәрдемдесу.

## 3. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты **2024 жылы 22-24 мамыр аралығында** Астана қ., Есенберлин к-сі 25, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі мекенжайы бойынша өткізіледі.
- 3.2. Өтінімдерді (№1 қосымша) Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» ШЖҚ МКК **2024 жылғы 01 сәуірге** дейін wsk2021nursultan@mail.ru эл.поштасы бойынша қабылдайды.

## 4. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 4.1. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2023» қалалық чемпионатына 22 жасқа дейінгі колледж студенттері қатысады.
- 4.2. Әрбір оқу орны өңірлік чемпионат сарапшыларының қатарына қосылатын осы құзырет бойынша бір маман (сарапшы) бөледі.

#### **5. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 5.1. Қатысушылардың жасы 22 жастан аспауы тиіс.
- 5.2. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» өңірлік чемпионаты (астана қаласы бойынша) жеке біріншілік болып табылады.
- 5.3. Чемпионатқа қатысушыға қойылатын міндетті талап - сызбаларды оқи білу, өлшеу құралдарымен жұмыс істей білу және бөлшекті өлшей білу, қарапайым механизмдердің жұмысын түсіну, қолда бар эскиздер бойынша жетіспейтін бөлшектерді өз бетінше жасай білу, құрылымдағы бөлшектің мақсаты мен орнын түсіну.
- 5.4. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының қатысушысы ұйымдастырушылар тарапынан барлық қажетті әзірлеу құралдарымен қамтамасыз етіледі.
- 5.5. Чемпионатқа қатысушының нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді.
- 5.6. Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті.
- 5.7. Чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті (№2 қосымша). Қатысушының қауіпсіздік ережелері мен ережелерін сақтамауы ұпайлардың жоғалуына әкеледі. Қауіпсіздік нормаларын үнемі бұзу конкурста қатысушыны чемпионатқа қатысудан уақытша немесе тұрақты шеттетуге әкелуі мүмкін.

#### **6. «ПРОТОТИПТЕУ» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «WORLD SKILLS ASTANA 2023» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

- 6.1. «Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты модуль бойынша тапсырмаларды орындауды қамтиды:  
Модуль: ҮСТЕЛ ШАМЫ
- 6.2. Егер конкурста қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа конкурста қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы конкурстан шеттетілуі мүмкін.
- 6.3. Чемпионат сарапшылары тәжірибелі мамандар мен сала мамандары қатарынан және компатриот-сарапшылар қатарынан бекітіледі.
- 6.4. Қатысушының ережелерді бұзуы айыппұл балдарымен жазаланады.
- 6.5. Жұмысты орындау кезінде ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.
- 6.6. Тәжірибелік тапсырмаларды орындау уақыты 3 күн.

#### **7. «ПРОТОТИПТЕУ» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «WORLD SKILLS ASTANA 2023» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ**

- 7.1. Чемпионат жеңімпаздары туралы шешімді Сарапшылар Чемпионат өткізілетін күні қабылдайды. Жеңімпаздар чемпионаттың практикалық бөлігі үшін жинаған ұпайларының жалпы сомасы бойынша анықталады, ал әрбір қатысушының жалпы нәтижелері

бағалаудың қорытынды ведомосына енгізіледі, сараптама комиссиясының қорытынды хаттамасында көрсетіледі

7.2. Қатысушылардың көрсеткіштері тең болған жағдайда тәжірибелік тапсырманы орындаудың ең жақсы уақыты бар қатысушыға артықшылық беріледі.

7.3. «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының жеңімпаздарын марапаттау үшін «Прототиптеу» жеке есепте беріледі:

бірінші орын - алтын жүлдегер.

екінші орын - күміс жүлдегер.

үшінші орын-кола жүлдегер.

**Медаль немесе ерекше марапат алмаған кез келген қатысушы «WorldSkills Astana 2024» қалалық Чемпионатына қатысқаны туралы Сертификат алады**

№1 қосымша

«Прототиптеу» құзыреті бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер үлгі бойынша 2024 жылғы 01 сәуірге дейін қабылданады:

«WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты «Прототиптеу» құзыреті бойынша қатысушылар мен сарапшылардың тізімі

Реттік №	Аты – жөні, туған жылы	Ұйым, қатысушы	Жұмыс орны, лауазымы/ оқу орны	Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі	Жетекші

№2 қосымша

«Прототиптеу» құзыреті бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама ХАТТАМАСЫ

Реттік №	Қатысушы / сарапшы Т. А. Ә.	Нұсқама берілген қатысушының / сарапшының қолы	Нұсқаушы техникалық сарапшының Т.А.Ә.	Нұсқаушының қолы